



Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

30 мамыр 2019 жыл

KASE акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізді

2019 жылдың 30 мамырында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы болып өтті, осы жиында Биржаның қызметіне қатысты өзекті сұрақтар қаралды.

2018 жылы KASE, биржалық нарықтың дамуын, Биржаның және оның көрсететін қызметтерінің клиенттерге бағдарлануының, сондай-ақ биржалық бизнестің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруын көздеген, үш жылдық даму стратегиясын табысты аяқтады.

Биржа 2018 жыл барысында биржалық нарықтардың барлық сегменттерін дамытуға және даму стратегиясының іске асырылуына бағытталған, жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмысын жалғастырды.

Атап айтқанда, шетел валютасында номинацияланған борыштық бағалы қағаздар бойынша сауда-саттықтарға және есептесулерге, валюта айырбастау бойынша қосымша процедураларды жүргізусіз сауда-саттыққа қатысушыларға рұқсаттама беру үшін есептесуі Т+2 сызбасы бойынша АҚШ долларымен еурооблигациялардың сауда-саттықтары іске қосылды; тәуекелдерді басқарудың жаңа құралдары – жалпы репо нарығында шоғырлану шектелімдері, және "тікелей" репо секторында міндеттемелердің орындалмау тәуекелін шектеу үшін міндетті дисконттар енгізілді; брокерлік ұйымдар KASE валюталық нарығындағы сауда-саттықтарға рұқсаттама алды.

Биржа Қазақстанның барлық аймақтарында кеңес беру, ақпарат беру және оқыту практикасын жалғастырды. Еліміздің алты облысында кеңес берушілік кездесулер өткізіліп, қор нарығының, инвесторлармен өзара әрекеттесу және корпоративтік басқару сұрақтары бойынша 13 оқу бағдарламасын өткізді. Іс-шаралар "Атамекен" ҰКП, "Даму" Қоры, жергілікті атқарушы органдардың, нарыққа кәсіби қатысушылары арасынан Биржаның серіктестерімен, халықаралық қаржы ұйымдарының, аудиторлық және консалтингтік компаниялардың қолдауымен жүргізілді.

2018 жылы стартап-компаниялар мен инвесторлардың арасында коммуникацияларды қалыптастыру мақсатында – "KASE Startup", сондай-ақ, ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны ЖШС болып табылатын, ШОБ субъектілеріне көпшілік компаниясы мәртебесін алу қажеттілігісіз қаржыландырудың альтернативті көзін ұсыну үшін – KASE Private Market сауда-саттық алаңдары ашылды; еуропалық заңнамаға сәйкес тіркелген, KASE Индексіне саудаланатын биржалық қоры – FinEx FFIN Kazakhstan Equity ETF сегрегацияланған қосалқы қорының акцияларының сауда-саттықтары ашылды.

KASE және Мәскеу биржасы (MOEX) арасында 2018 жылы Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Биржалар арасындағы ынтымақтастықтың негізгі мақсаты қазақстандық және ресейлік сауда-саттыққа қатысушыларға және инвесторларға екі елдің нарықтарына өзара рұқсаттама беру, орталық контрагент институтын дамыту есебінен инфрақұрылымның сенімділігін арттыру және нарықтық тәуекелдерді азайту, MOEX сараптамалары мен сауда-клирингтік технологияларын қолдану болып табылады.

Есептік кезеңде жағымды макроэкономикалық жағдай сақталып, барлық қатысушылар үшін қаржыландыру құны төмендеді. Осының арқасында қор нарығында рекордтық көрсеткіштерге қолжеткізді.

Бағалы қағаздар нарығында сауда-саттық көлемі 41,2 % артты, жыл қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 7 % өсіп, 2 304,94 нүктеге жетті. Акциялар нарығының капитализациясы 15,5 трлн теңгені құрады, ал Биржада айналыста жүрген корпоративтік борыштың көлемі 10,8 трлн теңгеге жетті. 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде барлығы 178 эмитент шығарған 630 атаудағы бағалы қағаздар болды.

Барлық қаржы құралдарының сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 127,84 трлн теңгені құрады.

Есептік жыл Биржаның 25-жылдығы эгидасымен өтті, осы мерейтой аясында түрлі іс-шаралар жүзеге асырылып, KASE Talks ашық лекциялар циклы іске қосылды, осы іс-шара 2019 жылы жалғасын тапты, "Болашақ құрылу тарихы" кітабы жарық көрді, "KASE: тұлғалы тарих" ашық онлайн-жобасы үшін нарыққа қатысушылардармен сұхбаттар жиналды, алғашқы Қазақстандық биржалық форум өткізіліп, KASE мұражайы ашылды.

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің мәліметтері бойынша KASE тобының активтері 2017 жылмен салыстырғанда 41,6 млрд теңгеге (5 есе) өсіп 51,6 млрд теңгені құрады. Биржа 2018 жылдың 01 қазанына бастап шетел валюталарын нарығында орталық контрагент функциясын атқара бастады.

Есептік жылдың қорытындысы бойынша Биржа тобының жиынтық кірісі Совокупные доходы группы Биржи 3,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың нәтижесімен салыстырғанда 559,3 млн теңгеге немесе 22,2 % артық, соның ішінде қызметтер мен комиссиялардан ытүскен кірістер 2,4 млрд теңгеге жетіп, яғни, 421,3 млн теңгеге немесе 21,7 % артты, сондай-ақ пайыздық кірістер 117,4 млн теңгеге немесе 21,2 % өсті.

2018 жылдың қорытындысы бойынша таза пайданың көлемі 965,3 млн теңгені құрады, бұл өткен жылдың нәтижесінен 21,8 % жоғары.

Акционерлердің жалпы жиналысы Биржаның 2018 жылға аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі бекітіліп, 2018 жылға түскен таза пайданы бөлмей, Биржаның дамуына жұмсау туралы шешім қабылданды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және қаржы нарығында жұмыс істейтін Қазақстандағы жалғыз қор биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның «Қор биржасы тұрақты даму үшін» бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМДң қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz